

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### *«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ы Директорлар Кеңесінің кезекті отырысы мен акционерлердің жалпы жылдық жиналысы өтті*

Астана, 2008 жылдың 29-мамыры., «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») 2008 жылдың 28-мамыры күні Директорлар Кеңесінің отырысы мен акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізді.

ҚМГ БӨ акционерлері Қоғамның 2007 жылдағы топтастырылған жылдық қаржылық есебін, Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі мен өткен жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір қарапайым және басымдықты акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекітті.

Акционерлердің шешімі бойынша бір акцияға (қарапайым акция үшін де, басымдықты акция үшін де) есептегендегі дивиденд мөлшері 563 теңгені құрайды. Директорлар Кеңесінің ұсынысы бойынша, 2007 жылдағы дивиденд таза пайдадан 15 % мөлшеріндегі әдеттегі жылдық дивиденд пен Компанияға ол 2007 жылдың сәуірінде 50 % сатып алған Қазгермұнай компаниясынан алынған дивидендтердің бірінші төлемінің бір бөлігін өз акционерлерінің арасында бөлуге мүмкіндік беретін арнайы дивидендтен тұрады. 2007 жылдағы дивидендтің жалпы сомасы 41,7 млрд. теңгені (шамамен 346 млн. АҚШ долларын) құрайды.

Компанияның акционерлеріне 2007 жылдың қорытындысы бойынша жылдық дивидендті төлеу 2008 жылдың 9 маусымы күнгі 24 сағат 00 минөттегі жағдай бойынша жүргізіледі және 2008 жылдың 28 шілдесі күні басталады.

Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы мәселе Қоғамның ірі акционері, ҚМГ ҰК-ның ұсынысы бойынша күн тәртібінен алынып тасталды.

Күн тәртібіндегі мәселелер туралы толығырақ ақпарат жиналыстың құжаттарында келтірілген. Акционерлер жиналысында қабылданған шешімдер мен құжаттар Компанияның веб-сайтында жарияланады.

Сол күні, 2008 жылдың 28-мамыры күні Компания Директорлар Кеңесінің отырысы өтті.

Директорлар Кеңесі ҚМГ БӨ Басқармасы мүшелері қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштерінің жиынтығын, жаңа редакциядағы Қоғамның қызметкерлерге еңбекақы төлеу тәртібін, Қоғамның ақша қаражатын басқару саясатын, тәуекелдерді басқару саясатын, қаржы есебінің аудиті жөніндегі саясатты бекітті. Сонымен қатар, ҚМГ БӨ-нің «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің қызметіне қатысу мүмкіндігі туралы мәселе қаралды. Қабылданған шешім бойынша Компанияның дайындық кезеңіндегі инвестициясының көлемі 4 млрд. 800 млн. теңгені (40 млн. АҚШ доллары) құрамақ. Мұнай химиясы кешені құрылысының жобасына қатысу туралы шешім оның дайындық кезеңінің нәтижелеріне байланысты 2009 жылдың шілде айында қабылданады.

Директорлар Кеңесі сондай-ақ 2008 жылдың 18-шілдесі күні Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады. Кезектен тыс жиналыста акционерлер Қоғамның қаржы есебінің аудиті жөніндегі саясатты бекіту,

Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды белгілеу, Қоғамның Жарғысының толықтырулар енгізу туралы мәселелерді қарайды. Қоғамның Жарғысындағы өзгерістер Директордар кеңесінің Қоғамның бірқатар саясаттарын бекіту жөніндегі өкілеттігін нақтылайды.

Директорлар Кеңесі ұйымдастырушылық және ақпараттық сипаттағы басқа да мәселелерді қарады.

\*\*\*

#### АНЫҚТАМА:

ҚМГ БӨ Қазгермұнай және CCEL (Қаражанбасмұнай) компанияларындағы үлестерді қоса есептегенде 2007 жылы 10,6 млн. тоннадан (тәулігіне 215 мың баррелден) асатын мұнай өндіру көлемі бойынша Қазақстанда екінші орынға ие. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 240 млн. тоннаны (1,8 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты.

#### Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Қоғаммен байланыс (+7 7172 977908, +7 7172 977924)  
Зухра Сұлтанова  
e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 975433)  
Александр Гладышев  
e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

WMC Communications Ltd / Pelham PR (+44 20 3178 4418)  
Elena Dobson  
e-mail: [Elena.dobson@pelhampr.com](mailto:Elena.dobson@pelhampr.com)

#### Болашаққа қатысты мәлімдеме

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиты. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*